

№4М.Өуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің Қамқоршылық кеңес
отырысының

Хаттамасы №2

13.10.2021ж

Қамқоршылық кеңес құрамы:

Мектеп директоры- Кабдрахманова Сымбат Едігеқызы

Кеңес төрағасы: Меңдібаева Айнұр Итібаевана

Мүшелері: Орынбек Аяуұлы
Доскалиев Сламғали
Умарова Жанар
Еспусинова Замзагуль
Сырлыбайұлы Маулен
Дәрішова Жазира
Адаева Гүлжан

Қатыспағандар - жоқ.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес (одан әрі кеңес) жұмысының жүрісі, атқарылған жұмыстар туралы есебі
2. Мектеп асханасының тазалығына, балаларға берілетін тамағына, тамақтың сапасы мен құнарлылығын анықтауға рейд жүргізу ыстық тамақтың берілісін қадағалау

Сөйлеушілер:

1. Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша – кеңес төрағасы Меңдібаева Айнұр
 - Осы уақытқа дейінгі атқарылған жұмыстарға тоқталды. Мектепке көмек сұрап, арызданып немесе шағым айтып келген ата-аналар болған жоқ. Кеңес жұмысы тиісті дәрежеде жүргізілуде. Өткен акциялар кезінде тиісті көмектер берілді. Құқық бұзушылық немесе тәртіп бұзған оқушылар болған жоқ.
2. Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша – мектеп директоры – Кабдрахманова С
 - Мектеп басшысы өз есебінде мектептің материалдық-техникалық жағдайының талапқа сай екенін айтты. Мектеп асханасы 60 орындық, барлақ техникалық пісіру жабдықтарымен қамтамасыз етілген. 342 оқушы 2 кезекпен ыстық тамақ ішеді. Мектеп асханасының тазалығына, тамақтардың сақталуына, сапасына рейд жүргізілді. Олқылықтар орын алған жоқ. Жартылай дайын тағамдардың сақталу мерзімі дұрыс, мұздатқышта сақтаулы. Құрғақ және кептірілген тағамдар тоңазытқышта сақтаулы, сақтау мерзімі өтпеген. Рейд кезінде асхананың тазалығы да толықтай тексеруден өткізілді. Ыдыс аяқтар жеткілікті, пісіру, жуу орындары таза. Күнделікті ыстық тамақтың берілісі әлеуметтік маман Г Қаратаева мен мектеп мейірбекесі Б Қамысбаеваның қадағалауымен беріліп отырады. Ас мәзірі талапқа сай мектеп директорымен, асхана ұйымдастырушысымен, аспаз және медбикемен бекітілген.
 - 2.1 Кеңес мүшесі - Дәрішова Жазира.
Мектепте атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағалаймын. Алдағы уақытта демеушілік көмек жұмыстарын ұйымдастыруға шақырамын.
3. Кеңес мүшесі- Адаева Гүлжан

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп жанынан ыстық тамақпен қамтылғаны құптарлық жағдай, өз басым балалардың таршылық көрмей өскенін қалаймын, қолымнан келгенше көмектесіп тұрамын. Алдағы уақытта ізгі істерді жалғастыра берейік.

2021-2022 оқу жылында да қамқоршылық кеңес қызметінің және сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы ережесін басшылыққа ала отырып, кеңес мүшелері өз жұмыстарын одан әрі жалғастыратыны туралы айтылды.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес мектебімізде құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен оқушыларға ыстық тамақтың берілуі үнемі қадағаланып, әлеуметтік осал топтан шыққан оқушыларға көмек ұйымдастырылсын.

Жиналыс Төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



С. Қабдрахманова

Г. Қаратаева